

XIX ғасырдағы әдеби өрістің айқын бір бағыты ислам дінінің арналы арқауларын рухани кеңістікке алып шығып отыру болғаны – тарихи шығармашылық факт. Ғалым Бақытжан Майтанов айтқанына бір пікірдің ар жағында көп дүние бар.

«Әдебиет пен өнер атакты діндердің ұлы миссиясын қарапайым тіршілік иелеріне неғұрлым жақын, ұғынықты жеткізу, олардың қасында тұрып саралау мақсатымен дүниеге келген» [2, 5 б.].

Осы мәнде қазақ әдебиеті көтеріп келген жүк жеңіл емес. Адамгершілік, имандылық негіздерін ауызша насихаттаған ұлттық тәрбие институтының дін уағыздарымен ұштасып жатқан бай көркемдік әлемі ұлт тарихында аса ықпалды рухани күш болды.

Жалпыадамзаттық тұрғыдан келгенде, он-сан әдеби жәдігердің негізгі миссиясы қай дәуірде де дін негіздерін тарату, діни бастауларға жүгіну, діни ұстанымдарға ұйыту болғаны анық. Осы орайда, шығыс әдебиетіндегі нәзирағәйлік дәстүрінің, нәзира жанрының шығу төркіні ұлы діни кітаптардың мазмұнын жеткізу мақсатынан туғаны даусыз.

«Сұлулықтан – ғашықтыққа» толғамында сүйгеннің құлы болу сыры ғаламзаттық тұрғыда тағы бір қырларын ашады.

«Өлім өлеңдері айтыла бастап», айнала сұрқай тартқан, «жастықтың белі қайысып» қариялардың сәкісіне отыра бастағанда бойға қуат құятын құдірет, «бүкіл түстерді қамтитын түссіздік», т.б. мәңгі жас жаратылыстың таусылмайтын жыры тағы да ғылыми негізде, көркемдік келісімде кестеленеді.

Ақиқатқа кеудемізді сәт сайын айқара ашып, ынтыға ұмтылып отырып оқылған «Баян» кітабының келесі парағы – «Өлең ақиқаты».

Бұл өлең құпиясы мен сөз құдіретін ұғындырудың және бір тың тынысы, тылсымға тұнған ақиқаттың ақыл жетер өредегі айғағы. Ф. Гүленнің өлең сырын, өлең құнын саралаған ойлары мен XIX ғасырда жасаған Дулат ақын пайымының үндестік туғызып жатуы – өнер ақиқаты. Исламдық дүние – таным өрісі.

Әдеби мұра, поэтикалық олжаның құны мен құнары ой түбіне мың-сан мәнде мызғымастай орнығады.

Ақындық өнерге қашаннан жаратылыс сынды құдірет игілігі деп қарап келе жатқан қазақ баласына Фетхуллах Гүленнің мына байламдары аса етене.

«Тіршілік бастан-аяқ жаратылыс заңдылығы бойынша өзара өлең құрылымы іспетті жүйелі түрде тәртіппен реттелген.

... Осыған орай, ақындарға жаратылыстың арғы жағындағы мағына мен мазмұнның бұлбұлдары деп санауымызға болады» [1, 66 б.].

Мақсатсыз, рухсыз, орынсыз сөздер көкжиегімізді көлегейлеген заманда шынайы өлеңді шөлікпей аңсағанымыз анық дейді Гүлен.

«Әйел табиғаты хақында бір үзік сыр» атты толғамында Гүлен және де бір биік өреден бой көтереді. Әйелге мадақ айтады, әйелдің нәзіктік пен қайсарлық, құштарлық пен төзім қабаттаса жаратылған өзгеше болмысын жырлайды.

«Әрдайым сұлу жандарды ғана көріп, тек сұлулықпен ғана қоян-қолтық араласқысы келеді. Кейде аңсаған арманына жетеді, ал кейде жете алмайды. Кей-кейде жан-жағынан дауыл соғып, оған тиесілі дүниені күл-талқан етеді. Міне, сол сәтте күйзеліске ұшырап, асқар таудан асып, терең теңізді кешіп өтеді...».

«Сана-сезімдерімізге қажетті мәңгілік азықты пісіп-жетілдіретін» әйелдің мәртебесі жоғары, жөні бөлек.

Гүленнің осы толғамының айрықша маңызды бір қыры – ол әйел және ислам мәселесін әлемдік деңгейде қозғап, ой қорытуы, пікір өрбітуі. Әйел баласын танып, бағалауда көптеген тарихи тұлғалардың жаңылыс басып, өресі төмен ой айтуын дәлелмен, дәйекпен айғақтап отырып, ғалым мұнда да ислам дінінің негіздерін, әйел баласын бағалау ұстанымдарын соншалықты ыждаһатпен ұғындырған.

«Бүкіл адамзатқа мәңгі бақи тіршілік ету ақиқаттарымен жеткен Ислам діні (бұл бір немесе бірнеше кітаптың орын алатын тақырыбы болғандықтан, қысқаша баяндап кетеміз) – әйелдің қоғам тарапынан заңсыз тартып алынған құқықтарын қайтарып, оны ашық және заңды түрде өз қорғауына алған және де осы мәселеде ең орнықты да қолайлы ережелерді уағыздайтын ең алғашқы дін» [1, 75 б.].

Кітапта ғалымның сөз жетпесті жеткізіп айту, ой жетпесті орайы келгенде ортақ игілікке ұластыру бағытындағы ойшылдық алымы сәт сайын таңырқатып отырады.

Әрі қарай жалғасқан тақырып – «Жүрек пен рух көкжиегі».

Болмысты бүтін қалпында сезіну – бізді құтқарады.

Ой жүйесі, өнегесі оқшау ойшыл Фетхуллах Гүленнің «адам ақиқатының, тіршілігінің өзегі» жүрек туралы толғамы Алланың қалаған ісін жасау, оның қашан да қасында екендігін сезіндіріп, сендіретін Құран кәрім аяттары, пайғамбар хадистері, өмір қағидасы мәнінде ұғындыратын ежелгі дін қиссаларының дәстүрінде жалғасқан, жан пидасы, рухани жүрек – көңілдің күйін көкейге құяды.

Адам иләһи сырларға жүрек тазалығы мен рух биігі арқылы жетеді дейді ғалым.

«Көңіл сөзімен атап жүргеніміз әлгі ләтипа сезімі – адамдық кемелдікке қарай шығатын саты, заттық және физикалық дүниедегі жаратылыстың арғы жағының кескін келбеті, адам денесіндегі рухани дүниелерге үнемі жол ашатын кең есік, кісілігіміздің қалыптасуында орын алатын бірегей зертхана және жақсылық пен жамандықты екшейтін ең маңызды бақылау орталығы».

Көңілдің адамды көтеріп апармас биігі бар ма! Ақиқатты Алла сипатында тану жолы көңілін кір басқан жандарға бұйырмаған...

Сабыр, төзім көңіл көзін түбінде ашып тынады дейді ойшыл. «Көңіл жан тілімен сөйлейді» дейді. Гүленнің ақиқат шарпыған қисындарына, ислам құтын ғылыми негізде ұғындыру тәсілдеріне, келісім кемелдігімен ұштасқан болжам, пайымдарына,

күнделік күйбең тірліктің астасып жатқан арғы сырларына бойлатқан сұңғыла танымына үздіге түсесің.

Адам арпалысып, аласұрып ұмтылатын жан рахаты қайда екенін ішкі түйсік сезеді. Бірақ соған жетудің қиындығы оны қорқытады, оңай тәсілдерге төселдіреді. Ол қиындық асу бермес асқар таудан асып, терең теңізді кешіп өтуден де қиын жол. Адамдықты, ар-иманды сақтап ғұмыр кешудің жолы. Кімнің кемел жан болғысы келмейді дейсің?

«... Адам кісілігіне қаншалықты тәуелді болып қалса, бір ғана тозаңның түйірінен, бір ғана тамшыдан, тіпті, бір ғана жоқтан құтыла алмайды. Қайта кісілік шамын өшіріп, көңілдің кеңпейілдігі арқасында басқалармен аралас-құралас болып, өзінің тар дүниесінен тысқары басқа дүниелерге жетіп жататын болса, қапелімде нұр құйған күнге, айдай анық әлемге және мықтылардың малтып жүзген мұхитына айналады».

Келесі, «Үздіксіз өзгерістері бар тарихи қайталаулардан туған тілек пен арман» атты толғамда адамшылық нұры, оның қуат көзі, тілек пен арман туралы ой дами түседі. «Басынды иманның мөлдір бұлағымен тазалап жуын дейді».

Құлшылық, мүминдік жайы баяндалады. Аз күндік мастану, аз-кем дүниені малдану кембағалдығын айыптайды. Фетхуллах Гүлен Алланы сүю, Алланы тану жолындағы жанкештілік бақытының бір мәні адам еркімен, адамның азаттығымен астасып жатқан теңдесіз әділетті құбылыс екендігі туралы ағылып, төгіліп сөйлеуден таусылмайды, сарқылмайды.

«Хаққа құл болғандар құлға құл бола алмас».

«Мәуліттен туған ой» бөлімінде Мұхаммед (с.ғ.с.), оның адамзат, ислам әлеміндегі ұлы миссиясы туралы баяндалған. Оған шейін «Көңіл құрлығы көктем мен көкөрайды көрмеген».

Гүлен Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың туған айында оны сағына сарқылып, адамзаттың ендігі дәуірдегі күйігі мен күйзелісін көз жасындай селдете төгіп, баян етеді.

«Киелі мекеннің бақсыз жылдары» қайшылығы көп мына заманның өзекті жайларымен суарылған. Қоғамтанушылық биік өреде ой-тоқтамдар жасалады.

«Рухты жаныштаған жатсыну» – бұл тіркес қазіргі дүниенің пішініндегі ең бетке шыққан белгісі.

Елінің жайы, елдіктің қамы қозғалады. Арғы тарихы бай, рухани құты мен құндылығы ортаймаған елдің жаһандану дүрмегінде өзіне өзі опасыздық жасауы, берекесіз әрекеттері жүрегін жаншиды. Жержүзілік ырыстардың талан-таражға түсуі алаңдатады. Хаққа бет бұрайық, оған ішкі сарайымызды ашайық, сонда игілік, ізгілік, іргелі елдік орныққан олжаға кенелеміз дегенді үнсіз ұғындырған ұлт перзентінің үндеуі жан тыншытады.

«Жылайтын кез келді» – тағы бір таңғажайып кеңістік, тамсандырып, ынтықтыра түсетін толғам. Көңіл толқуын көз жасына қарағанда аса мөлдір көрсететін басқа еш нәрсе жоқ дейді ойшыл. Гүлен аңғармаған, ол саралап, сырын ашпаған, қамтылмаған құбылыс қалмаған сияқты.

Образды сөзбен ашады, ой көзімен аңғарады. «Нұрын жоғалтқан және қартайған дүние» дейді ол. Күнғаға белшеден батқан адамзаттың арылу амалы – ол Хақтың алдында кешірім сұрап, көз жасын төгу. Опасыздығымыз, шындықты айтпағанымыз, түзу жүрмегеніміз, басқа қонған бақытты бағалай білмегеніміз, орынсыз сөздеріміз үшін жылауымыз керек.

Адамзат Хақтың алдында жан шошытар әрекеттерінің салдарына жауапты. Фетхуллах Гүлен осыны ойлап, зар төгеді. Осы тұста қазақ әдебиетінің тарихындағы айғақты, айтулы ағым – зар заман ақындары толғауларының негізгі сарындарымен үндестік даусыз.

Дөңгеленген дүниеде діннен сая іздеген, XIX ғасырда жасаған Шортанбай ақын мен XXI ғасыр зарына жанын байлаған Фетхуллах Гүленнің тоқтамдары, қазақ туған жер мен қазақ тұрған кеңістікте ислам өркениетімен ұштасып жатқан діни өрістің сол XIX ғасырдағы ауқымы қандай болғанын болжатады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы айтулы тұлғалар – Бұхар жыраудың, Шортанбайдың, Ыбырай мен Абайдың, Ақан сері, Базар жырау, Мәшһүр Жүсіп, т.б. ақындардың, XIX ғасыр бойы қазақ жеріне кең жайылған діни қиссалардың имандылық негіздерінен құйылған қуатты, құнарлы ой ағысындағы желілер мен қазіргі дәуірдің мазмұнды дін уағызшысы, ойшыл хакімі Фетхуллах Гүлен ойларының жүрек, иман, ақыл, жан, ар тазалығы, көңіл құштары, Алланы сүю, мойындау, тану бағытындағы тәжірибелерінің сабақталып жатуы біздің өткен ғасырлардағы рухани әлем өрісін, тарихи тағылымдарымызды айғақтай түседі.

«Дүние тыныштықтан айырылды» бөліміндегі ұлт бостандығы, азаттық, ар-ождан жайында зар заман дәуірі ақындары мен Гүлен ойлары тағы да үндес, тағы да сарындас.

«Бұл кезеңдерде нәпсіміз рухтың тағын тартып алды... Жүрегімізге шайтан ұя салды... Құдайдың орнын әумесіл жандар басып алды... Ар-намыс табанға тапталды... Ұят пен ар намыссыздыққа ұласты. Құрметсіздік кім көрінгеннің табиғатына жұқты... Бүкіл атырап жағымсыздық пен сүйкімсіздіктің жәрмеңкесіне айналды... Әдептілік, сыпайылық бұрынғылардың құнсыз жолы мен тәсіліндей етіп көрсетілді... Опа, адалдық, отансүйгіштік әуелі рухтарда ұмыт болды, содан соң сөздіктерден өшірілді...»

«Сенімен өткен күндер-ай», «Ақиқат айнасы – жаратылыс», «Қара түнекке нұр шашқан аппақ Ай» бөлімдері Құран негіздерін ұғындыру, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың тарихи тұлғасы, оның ислам әлеміндегі ықпалы, қасиетті рамазан айы туралы ой-тоқтамдардан тұрады.

«Мәулана Жәлаледдин Руми» бөлімінде ақындық туралы тағы да тамаша сөздер, бейнелі, образды ойлар бар. «Ол ертеде жер басып өткен биіктердің бірі болатын».

«Баян» кітабының күрделі ұғымдарды нұрға орап, күндей жарқыратып қисындап берген тіл кестесі туралы да арнайы сөз қозғауға болар еді. Шығармада «сәхли мүштеки» – «әрі күш, әрі жеңіл»

деген анықтама келтірілген бір тұс бар. Автор өзі «жазылуы оңай болып көрінгенімен, жазуға мүмкіндік туғызбайтын туындылар» деп ұғындырған.

Фетхуллаһ Гүлен көп жағдайда «әрі күш, әрі жеңілдіктің» сынағына шыдас беріп, шығармашылық рахатына кенелген. Сол игіліктеріне басқаларды да ортақтастырып, өзгенің дүниетаным шегі мен дінтану өрісіне олжалы, қайырлы кеңістік дарытқан.

Шығарманың түрік тілінен қазақшаға аудармасы да аса жоғары сапада жасалған, автордың айтамын

деген астар-қатпарлы, тұспалы мен тұңғық тереңі мол құнарлы ойларының құтын қашырмай көкейге құйған аудармашы еңбегіне де ризашылық білдірдік.

1. Гүлен Ф. Баян. Әдеби-философиялық ой-толғау. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 176 б.

2. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: зерттеулер, эсселер. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 544 б.

* * *

В статье рассматриваются вопросы духовности исламского мира в произведении турецкого теолога-философа Фетхуллаһа Гулена «Баян».

3. Мутиев

ПРОФЕССОР БЕЙСЕНБАЙ КЕНЖЕБАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТ ӨЛЕҢІ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРДЕЛЕНУІ

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушылардың бірі, ф.ғ.д. профессор Б. Кенжебаевтың аталған саладағы еңбегін сан қырынан алып сипаттауға болады. Ол – әдебиет сыншысы, әдебиет тарихшысы, фольклоршы, ұстаз-педагог. Б. Кенжебаевтың әдебиеттанудағы ғалымдық ғаламына бойласақ, ерте дәуірдегі әдебиет пен қазіргі заманғы әдебиеттің аралығын қамтитын ұлан-байтақ әдебиет тарихына (ерте дәуірдегі әдебиет нұсқалары, XV-XVIII ғасырдағы әдебиет, XIX ғасырдағы әдебиет, XX ғасырдың басындағы әдебиет, кеңестік дәуірдегі әдебиет) жолығамыз.

Б.Кенжебаевтың осыншалықты ғылыми мұраларының арасынан қазақ лирикасының ұлт өлең-сөзінің тарихы мен табиғатына қатысты інжу-гауһарлары алыстан мен мұндалайды. Әсіресе, Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Ақмолла, М. Сералин, Бернияз, Спандияр, Мақыш, Жамбыл т.б. сол дәуірдің белгілі ақындарының шығармашылығын, ұлт әдебиетіндегі орнын анықтаған, тексерген зерттеулерінің астарына үңіліп, ғалымның ерен-ғайып атқарған еңбегінің бағасын беруі, өлеңтанудағы зерттеушілік қырын тану – бүгінгі әдебиеттанудың өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Ұлт әдебиеттануында өзіндік мектебі бар, айқын қолтаңбасы қалған ғалым Б. Кенжебаевтың өлең сөзге арналған алғашқы зерттеулерінің бірі Абай ақындығын танып-білуге арналған мақаладан [1] басталады. Абай тақырыбын одан әрі дамытқан ғалымның М.Әуезовпен бірлесе жазған еңбегі [2] жарық көрсе, кейіннен араға он жыл салып Абай тұлғасын, кеменгерлік келбетін [3] тереңдей зерттеген еңбектері жарық көреді. Бұлардың баршасы ғалымның әр уақыттарда шығып отырған кітаптарында жаңғыртылып басылып отырды.

Б. Кенжебаевтың Абайды таныстыруы «Кеменгерлік кепілі» (1954-1955) атты біріне-бірі жалғас екі мақаладан түзілген, терең талдауларға құрылған

зерттеу нәтижелері есебінде ғалымның «Әдебиет белестері» (1987) атты кітабына [4] енген.

Қазақ әдебиеттануында Абайды зерттеу, оны өз алдына абайтану ғылымы ретінде зерттеу үлкен, іргелі ұлттық танымға негізделген еңселі, қабырғалы дүние екендігіне ешкімнің дауы жоқ. Абайтанудың іргесін қалаған ғалымдар ішінен Б.Кенжебаевтың өзіндік ойып алар орны барлығын да жоққа шығармаған абзал. Ғалымның: «Әр халық, қандай да ұлт өз әдебиетінің мерейі үшін ортасынан оза шыққан бір дарынды даралау ұстайтыны болады. Ал, біздің Абайымыздың жөні тіптен бөлек. Ол дарын болғанда да уақыт өлшеміне бағынбайтын данышпан ғой» [4,96] деген пікірінен-ақ кеменгер кейпін кеңірек таныстыруды ниет еткендігі байқалады. Поэзия патшасының шығармашылық өмірбаянын тізбелеуде ғалым ақын өмір сүрген қоғамның саяси-тарихи жағдайын да әңгімелей отырады. Қоғамда жүріп жатқан күрделі оқиғалардың жайын хабардар ету арқылы ақын шығармашылығының туу, пайда болу жағдаятын да жеткізіп отырады. Әдебиет тарихын ел тарихымен, өлең өзегін өмір өрісімен байланыстыра зерттеу де – Б.Кенжебаев ғалымдығының жеке өзіне тән зерттеу стилі екендігін аңғаруға болады. Феодалдық дәуірдің құрсағынан шыққан Абайдың ел жуандарымен алыса жүріп өз өлеңдерінің тақырыбы мен идеялық бағытын ашып-көрсетуде ғалым қоғам шығарған тарихын, ел тіршілігін жете білетін әдебиет-тарихшысы ретінде көрінеді. Абай лирикасының көкжиегіне көз тастай отырып, ақын тудырған, жырлаған тақырып атаулының баршасына бірдей білімгерлікпен барлау жүргізеді. Абайды әдебиеттің ұлы сыншысы В.Г.Белинский сипаттаған талантты ақындардың төртінші шоғырына («төртінші ақынның таланты, шабыты қиыры жоқ, түбі жоқ, бетінде күмбез аспан дүниесі: ай мен күн, жыпырлаған жұлдыз, түнерген, нажағай атқан бұлт бейнесі көрініп тұрған, толқындары әр қилы қайықтарды,

алып кемелерді айдап бара жатқан, тұңғық, жұмбақты түбі неше түрлі, ірілі-уақты жәндіктер дүниесіне, інжу, маржан армандары мен ақық, седеп таулары толы, мейлі жайшылықта болсын, әрі зәулім, әрі салтанатты шалқып жатқан мұхит тәрізді»-В.Г. Белинский) жатқызады. Абай лирикасының көп қырлылығын (саяси, махаббат, табиғат, көңіл күйі) атай келе: ... ол-лириканың барлық түр-жанрына бірдей жорға ақын» [4, 128] деп бағалайды. Ғалым танымын сатылап берсек, Абай лирикасында:

а) заманның, халықтың да жан сыры, әділ де өткір сыны бар;

ә) шыбынсыз жаз да, қаһарлы қатты қыс та бар;

б) онда мұң-шер, күлкі-қуаныш та, ыза-кек, қайрат-жігер бар;

в) онда терең ақыл-ой, нәзік сезім де, ыстық махаббат, қаһарлы ашу да бар;

г) онда әсем табиғат та, қар, мұз, от, жалын да – яки бәрі бар:

Б.Кенжебаев Абай өлеңдерінің құрылысы мен тіліне де келісті талдаулар жүргізеді. Сөзге бай, тілге ұста Абай тілінің мазмұнына толықтай тоқталып, сараптап, мысал-үлгілерді молынан келтіре анализ жүргізеді. Қазақ сөз құрамын сарқа пайдаланған Абайдың шет сөздерді де орынды, тиімді қолданғанын, сонымен бірге жаңа сөз, тың тіркес жасаудағы реформалық жаңалығына жан-жақты тоқталады. Абай жаңалаған сөздік құрамның негізіне сүйене отырып: «Сөйлемді жаңаша құрды. Және соның бәрін де өте ұста, ұнамды, көңілге қонымды етіп шығарды. Олар тез сіңісіп, қазақтың төлтума сөзі, қолтума сөйлемі болып кетті» [4, 131] деп көрсетеді ғалым Б.Кенжебаев. Ғалым пайымының төркініне көз тастасақ, Абай жаңа сөздерді, эпитет, теңеу сияқты сөз образдарын екі түрлі жолмен жасаған. Біріншісі, бұрын жоқ, әдебиетте қолданылмаған сөздер жасау, табу жолымен; Екіншісі, бұрын бар, әдебиетте қолданылған сөздерді жаңғырту, жаңа мағына беріп қолдану жолымен тілдік шоғырлар кестесін құрап, үлгілер ұсынады. Ақын тілінің сан алуан мазмұнды құрайтын бай мұрасынан мол да тағылымды үзінділер ұсынып, өз зерттеуінің қорытынды нәтижесін түйіндеген ғалым: «Өлеңді көріктеу, өлеңнің кестесін келтіру жөнінде де Абайдың қазақта әлі теңдесі жоқ; қазақтың бұрын-соңды ақындарының ешқайсысы өлеңді Абай сияқты ұста, шешен, шебер, келісті көріктеген емес» [4, 134] деген тұжырымға келеді.

Ал Абай өлеңдерінің құрылысын, өлшемін бақылауға келгенде ғалым Б. Кенжебаев өзіне дейінгі ғалымдар пікіріндегі асығыс айтылған болжамдарға түзету енгізеді. Мысалы: «Бізде бұған дейін Абай қазақ өлеңінің өлшеміне өзгеріс енгізеді: қазақ өлеңдері бұрын тек 11 буынды, 7,8 буынды ғана болып келуші еді, Абай аралас келетін 3-4-5 буынды, 5-6-7 буынды, бірыңғай келетін 7,8 буынды өлеңдер шығарды деп айтылып, жазылып келді» дей келе Б.Кенжебаев: «Бұл қате пікір. Абай қазақ өлеңінің өлшемін өзгерткен жоқ. 3-4-5, 5-6-7, 7,8 буынды өлеңдер қазақта Абайдан бұрын да бар болатын. Бірақ олар ұзақ жыр, дастандарда аз қолданылатын,

бірді-екілі ғана қолданылатын. Олар көбінесе мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін ұсақ өлең, жырларда ғана болатын» деп барып, оған ауыз әдебиеті үлгілерінен мысалдар келтіріп, өз ойын дәлелдеп өтеді. Сонан соң барып: «Абай осыларды өлең-жырға, дастанға көптеп енгізді, жөнге келтірді, заңды етті» деген тоқтамға келеді. Сондай-ақ Абайдың қазақтың өзінен бұрынғы өлеңдерінің шумағы, ұйқасы негізінде жаңа шумақтар, ұйқастар ойлап шығарғанын әр түрінен бірнеше нұсқасынан үзінділер келтіріп ақынның өлеңдеріне жаппай талдау жүргізеді. Ақынның бірыңғай ұйқасқа құрылған өлеңдерінің шеберлік сипатына көз жібере: «Әдейі санадың. Абайдың 20-30 өлеңі осылай бірыңғай ұйқаспен келеді екен» [4, 139] деген пайымдарынан ақ ғалымның Абайтану көнбесінің шынайы жанашыры, жоқшысы, іздеушісі болғандығын аңғаруға болады.

Қазақ ақындарының шығармашылық ахуалына барлау жүргізуде Б. Кенжебаевтың Абайдан кейінгі аса ден қоя зерттеген объектісі С. Торайғыров тұлғасы, оның суреткерлік бітімі. 1946 жылы «Сұлтанмахмұттың ақындығы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған Б. Кенжебаев ақын тұлғасын кеңінен таныту мақсатында бұл тақырыпқа қайта айналып соғып отырды. Соны ізденістің нәтижесінде «Сұлтанмахмұттың ақындығы» (1946), «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1957), «Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі» (1968), «Қазақ халқының жалынды ақыны» (1973), «Асау жүрек» (1975) атты еңбектері жарық көрді.

Қазақ әдебиеттануында С. Торайғыров шығармашылығын Б.Кенжебаевтан артық асыра ешкім зерттемегенін ғалымның әріптестері де айтып өтеді. Мысалы, академик Р. Бердібаев ғалымның шығармашылық бітім-тұлғасына арналған жазбасында: «Осы қатарда ғалымның қазақ әдебиетінің классигі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен творчествосы туралы аса күрделі зерттеуін алдымен бөліп атаған жөн. Сұлтанмахмұт мұрасын ондаған жылдар бойында табан аудармай тексерген бірден-бір әдебиетші Бейсембай Кенжебаев деп білеміз» [5, 391] дей келе: «Мұның үстіне Сұлтанмахмұт туындыларын тану мен бағалаудың барысында көптеген көлденең кедергілер кездесіп отырғанын ескерсек, Бейсекең еңбегінің сыры мен сипаты айқындала түседі...» деп біраз нәрсенің шетін аңғартқандай болады.

Б. Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт ақындығына әр қырынан әр жылдарда тоқталуының да өзіндік сыры бар. Ақынның қысқа ғұмырында Алашорда үкіметінің саясатына байланысты шырғаландарының қылышынан қан тамған кеңестік дәуірде әрқалай айыпталуына орай Сұлтанмахмұт кінәсіздігін дәріптеп араша жанашыры Б.Кенжебаев болған. Бүгінгі күн көзқарасынан алғанда Сұлтанмахмұттың алашшылдығы –нағыз ұлтжандылықтың берік үлгісі болары және анық. Алайда идеология үстемдігінің ыңғай-талабының үддесінен шығуды әрі ақын арының тазалығын ойлаған шынайы әдебиетші Б. Кенжебаевтың кеңестік кезеңдегі зерттеулерінің маңыздылығы әл әзір өз құндылығын жоймасы кәміл анық.